

Аршалы ауданы Волгодонов ауылдық округі 42 Разъезді елді мекенінің шекараларын (шегін) белгілеу туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № А-12 қаулысы және Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 48/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 ақпанда № 5238 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Аршалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Аршалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес аумақтарда Аршалы ауданы Волгодонов ауылдық округі 42 Разъезді елді мекенінің шекаралары (шегін) белгіленсін.

2. «Аршалы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер - есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді енгізсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі

Ж.Нұркенов

*А р ш а л ы а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т с е с с и я с ы н ы ң*

төрағасы

Е.Казбеков

А р ш а л ы а у д а н д ы қ

мәслихатының хатшысы

Ю.Сериков

А р ш а л ы а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 6 ж ы л ғ ы 1 5 қ а ң т а р д а ғ ы
№ А - 1 2 б і р л е с к е н қ а у л ы с ы н а
ж ә н е А р ш а л ы а у д а н д ы қ

Экспликациясы

гектар

Елді мекен аумағына қосылады	Соның ішінде					
	Құрылыс шекарасы ішінде	А у ы л шаруашылық мақсатындағы жерлер	Темір жол көлігінің жері	Электр желілері астында	Бөгет	Басқа жерлер
418,6539	68,8500	196,2718	43,331	0,0641	1,0200	109,117